

С.К. АБИЛЬДИНА¹, С.Х. МЕДИЕВА², Н.Б. РАХМЕТОВА³

¹педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды университеті

(Қазақстан, Қарағанды қ.), e-mail: salta-7069@mail.ru

²Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды университетінің PhD докторанты

(Қазақстан, Қарағанды қ.), e-mail: sara.orazbaeva.66@mail.ru

³педагогика ғылымдарының кандидаты,

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры м.а.

(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: nurziya-r@mail.ru

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҒАЛІМДЕРІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИЗАЙНДЫ ПАЙДАЛАНУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

Андатпа. Аталмыш мақалада болашақ бастауыш мұғалімдерінің кәсіби даярлығының мазмұнына талдау жасалынады. Оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде түлекті даярлау тәжірибесінде педагогикалық дизайнды қолдану аспектілері де қарастырылады.

Жүргізілген зерттеу жұмысының барысында зерттеушілердің «педагогикалық дизайн» ұғымына берген анықтамалар қатарына талдау жасалынды. Білім беру жүйесінде педагогикалық дизайнның мақсаты мен анықталған қызметі «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының білім алушыларын даярлаудың мазмұны мен олардың құзыретін дамыту жолдары қарастырылған. Осыған байланысты аталмыш білім беру бағдарламасын меңгеруге қатысты педагогикалық жүйеге талдау жасалды. Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығын ашатын арнайы семинар, жүйелі курс, оқу-әдістемелік жасақтама құралдарының сипаттамасы ұсынылады. Аталмыш педагогикалық жүйені іске асырудың маңызы мен қолдану нәтижесі де назардан тыс қалмады.

Сондай-ақ, бұл мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдері ретінде білімалушыларды даярлау жүйесіне зерттеу жасау барысында әзірленген педагогикалық жүйесі ұсынылған. Оның мазмұнында міндетті білім беру пәндері циклінде қарастырылған пәндердің мазмұны мен «Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқу пәндерін оқыту әдістемесі» модулінің пәндеріне педагогикалық дизайнды қолдану арқылы жетілдіру мәселесіне талдау жасалды. Таңдау компоненті ретінде базалық пәндер циклі бойынша «Білім беру жүйесіндегі педагогикалық дизайн негіздері» арнайы курсының негізгі бағыты және мақсат-міндеттері айқындалды.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Абильдина С., Медиева С., Рахметова Н.Б. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін педагогикалық дизайнды пайдалануға даярлаудың педагогикалық жүйесі // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №1 (135). – Б. 308–319. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.166>

***Cite us correctly:**

Abildina S., Medieva S., Rahmetova N. Bolashak bastauysh synyp mugalimderin pedagogikalyq dizaindy paidalanuga daiarlaudyn pedagogikalyq juiesi [Pedagogical System of Training Future Primary School Teachers in the Use of Pedagogical Design] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2025. – №1 (135). – B. 308–319. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.166>

Мақаланың редакцияға түскен күні 05.06.2024 / қабылданған күні 30.03.2025

Кілт сөздер: бастауыш мектеп мұғалімі, инновациялық-коммуникациялық технология, педагогикалық дизайн, педагогикалық жүйе, кәсіби даярлау, оқытудың ақпараттық технологиясы, педагогикалық үдеріс.

S. Abildina¹, S. Medieva², N. Rakhmetova³

¹*Doctor of Pedagogical Sciences, Professor*

Buketov Karaganda University

(Karaganda, Kazakhstan), e-mail: salta-7069@mail.ru

²*PhD Doctoral Student of E.A. Buketov Karaganda University*

(Karaganda, Kazakhstan), e-mail: sara.orazbaeva.66@mail.ru

³*Candidate of Pedagogical Sciences, Acting Professor*

of Kazakh National Women's Pedagogical University

(Kazakhstan, Almaty), e-mail: nurziya-r@mail.ru

Pedagogical System of Training Future Primary School Teachers in the Use of Pedagogical Design

Abstract This article analyzes the content of professional training for future primary school teachers. The aspects of pedagogical design application in the practice of graduate training for future teachers of primary grades with the use of information and communication technologies in teaching are also considered.

Within the framework of the research, definitions from many researchers regarding the concept of “pedagogical design” were analyzed. The purpose and specific function of pedagogical design in the educational system is considered within the context of training students in the educational program “Pedagogy and Methodology of Primary Education”, as well as ways of developing their competencies. In this context, an analysis of the pedagogical system related to the mastery of this educational program was conducted. A special seminar, a structured course, and a description of teaching and learning aids demonstrating the practical significance of the study are proposed. The importance and results of the application of this pedagogical system were also taken into account.

This article also presents the pedagogical system developed within the framework of the study on the system of training students as future teachers of primary grades. The content includes the analysis of the content of disciplines offered in the cycle of compulsory educational disciplines and the problem of improving the module “Methods of Teaching Educational Disciplines on the Updated Content of Education” through pedagogical design. The main directions, goals, and objectives of the special course “Fundamentals of Pedagogical Design in the Education System” within the cycle of basic disciplines were determined as a selective component.

Keywords: primary school teacher, innovative technology, pedagogical design, pedagogical system, professional training, information and communication technology, pedagogical process.

С.К. Абильдина¹, С.Х. Медиева², Н.Б. Рахметова³

¹*доктор педагогических наук, профессор*

Карагандинский университет им. Е.А. Букетова

(Казахстан, г. Караганда), e-mail: salta-7069@mail.ru

²*PhD докторант Карагандинского университета им. Е.А. Букетова*

(Казахстан, г. Караганда), e-mail: sara.orazbaeva.66@mail.ru

³*кандидат педагогических наук, и.о. профессора*

Казахского национального женского педагогического университета

(Казахстан, г. Алматы), e-mail: nurziya-r@mail.ru

Педагогическая система подготовки будущих учителей начальных классов к использованию педагогического дизайна

Аннотация. В данной статье проанализировано содержание профессиональной подготовки будущих учителей начальных классов. Рассмотрены аспекты применения педагогического дизайна в практике подготовки выпускника в качестве будущего учителя начальных классов с применением информационно-коммуникационных технологий обучения.

В рамках исследования были проанализированы определения понятия «педагогический дизайн», предложенные многими исследователями. Цель и определенная функция педагогического дизайна в системе образования рассмотрены в содержании подготовки обучающихся по образовательной программе «Педагогика и методика начального обучения», и способах развития их компетенций. В этом контексте был проведен анализ педагогической системы, касающейся освоения данной образовательной программы. Предлагается специальный семинар, структурированный курс и описание учебно-методических пособий, раскрывающих практическую значимость исследования. Важность и результаты применения данной педагогической системы также не остались без внимания.

В данной статье также представлена педагогическая система, разработанная в рамках исследования системы подготовки обучающихся как будущих учителей начальных классов. Содержание включало в себя анализ содержания дисциплин, предусмотренных в цикле обязательных образовательных дисциплин, и проблемы совершенствования дисциплин модуля «Методика преподавания учебных дисциплин по обновленному содержанию образования» посредством педагогического дизайна. Определены основные направления, цели и задачи спецкурса «Основы педагогического дизайна в системе образования» как компонента по выбору цикла базовых дисциплин.

Ключевые слова: учитель начальных классов, инновационные технологии, педагогический дизайн, педагогическая система, профессиональная подготовка, информационно-коммуникационные технологии, педагогический процесс.

Кіріспе

Жоғары білім беру жүйесінің қазіргі кезеңдегі маңызды міндеті – бәсекелестік жағдайында және қоғам дамуының өзгермелі әлеуметтік-экономикалық тенденцияларында өз қызметін жоғары, білікті түрде жұмысын іске асыра алатын бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау.

Бұл жағдайда болашақ бастауыш мектеп ұстаздарының кәсіби даярлығына қатысты жүргізілетін жұмыстың мазмұны барлық әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді көрсетуге арналған. Мұның бәрі білім беру жүйесіне және болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлау мазмұнына өзгерістер енгізуді талап етеді.

Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайларды жасау – ҚР «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесі міндеттерінің бірі ретінде көрсетілген [1].

Бізге білім беру үдерісіне жаңа көзқараспен қарайтын, терең білімі мен жоғары кәсіби білігі бар, өзгерістерді қабылдай алатын және қойылатын жаңа талаптарға сай әрекет ете алатын, шығармашылыққа бейім әрі кәсіби шеберлігі жоғары бастауыш сынып мұғалімдері қажет. Сонымен қатар, мектепте білім алушылардың бастауыш сыныптан бастап нәтижелі білім алуы мен өмірде табысты болуы көп жағдайда мұғалімнің қабілеті мен құзыреттілігіне байланысты. Сондықтан бастауышты оқыту және тәрбиелеу ісімен айналысатын болашақ

бастауыш сынып мұғалімі жаңалыққа бейім болып, білім берусаласындағы өзгерістерді тез қабылдауға, жан-жақты болуға және оқытудың инновациялық технологияларын терең меңгеруіне жағдай жасалынуы тиіс.

Бүгінде орын алып отырған білім беру жүйесі ақпараттық-технологиялық білім беру технологияларымен тікелей байланысты және қарқынды дамып келеді, бұл өз кезегінде жоғары тиімді технологияларды іздеуге алып келеді. Осыған қоса әртүрлі өзіндік жұмыс түрлері мен жасалынатын жағдайлар білім алушылардың сыни және аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Осы және осыған ұқсас міндеттерді шешудің тетігі мен оқыту технологиясы ретінде педагогикалық жүйеге енгізіліп отырған педагогикалық дизайн ұғымы қолданылады. Педагогикалық дизайн қазіргі сәтте ақпаратпен жұмыс істеу технологиясы ретінде өзгермелі білім беру жүйесінің сын-қатерлеріне жауап беруге, базалық құзыреттерді дамыту құралдарын іздеуге, білім алушыларды ынталандыруға және білім беру нәтижесінің сапасын арттыруға бағытталған.

Білім беру саласын ақпараттандыру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауға арналған «6B01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының білім алушыларын ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, оқытудың жаңа модельдерін әзірлеуді және енгізуді қажет етеді. Болашақ бастауыш мектеп мұғалімдері ретінде білім алушылардың мұндай технологияларды пайдалануға даярлығы ақпараттық қоғамның даму талаптарына жауап беретін тұлғаға бағытталған білім беру жүйесіне көшудің маңызды шарты болып табылады (А.А. Андреев [2], Б.С. Гершунский [3], Е.К. Балапанов [4], Е.С. Полат [5] және т.б.). Білім беру парадигмасының өзгеріске ұшырауы оқыту нысандары мен құралдарының, сондай-ақ ұстаз бен білім алушылардың арасындағы қарым-қатынас сипатының өзгеруіне алып келеді. Қазіргі уақытта еліміздің білім беру саласында орын алып жатқан өзгерістерге байланысты болашақ бастауыш сынып мұғалімдері ретінде түлектерді ақпараттық технологияларды пайдалануға даярлаудың мазмұнын жаңарту және электронды оқу материалдарын әзірлеудің жаңа тәсілдерін даярлау қажеттігі туындап отыр. Бұл болашақ мұғалімдерді кәсіби қызметте педагогикалық дизайнды пайдалануға даярлауды бастап, жүргізілген жұмыс нәтижесінде олардың кәсіби-педагогикалық мәдениеті мен құзыреттілігін қалыптастарады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында жалпы орта білім берудің ұлттық деңгейдегі басты мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, құзыретті тұлғаны қалыптастыру үшін барлық мүмкін жағдайды жасау болып табылады.

Бұл жағдайда біз жаңашыл, өзгермелі дүниеге жылдам бейімделетін, білімді әрі білікті, қойылатын талап деңгейіне жауап беретін, шығармашылық та кәсіби тұрғыдан шеберлігі шыңдалған мұғалімдерге әрдайым мұқтаж екендігін байқаймыз.

Бүгінгі таңдағы басты мақсат – білім мазмұнының жаңаруы, заман талабына сай білім беруді жетілдіру үшін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері мен құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру көзделген. Жаңа форматтағы бастауыш оқыту мұғалімі ретінде білім алушыларға білім мен тәрбие беруде орасан зор жауапкершілік жүктеледі. Сондай-ақ жаңашыл мұғалім оқыту мен тәрбиелеуге байланысты сұрақтарды шығармашылық ынтамен шеше алуы керек. Сонымен бірге, бастауыш сыныптан бастап білім алушылардың мектепте жақсы білім алуы мен өмірде табысты болуы мұғалімнің қабілеті мен құзыреттілігіне байланысты болмақ. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін білім алушыларға жаңашыл, икемді болуы, орын алар өзгерістерді жылдам қабылдай алуы, жан-жақты және педагогикалық-инновациялық технологияларды меңгеру талабы қойылады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Отандық білім беру саласындағы педагогикалық дизайнның заманауи жетістіктерін зерттеуде жүйелі тәсілі табылмады, болашақ түлектің кәсіби қызметте педагогикалық дизайнды пайдалануға даярлау жүйесі тиісті деңгейде ұйымдастырылмаған және осы даярлық үшін қажетті оқу-әдістемелік материалдар жеткілікті деңгейде жасақталмаған. Бұл бағыттағы маңызды бастама – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби қызметінде педагогикалық дизайнды пайдалануға даярлау міндеті қойылды [6, 99-б.].

Қазіргі уақытта оқытудың заманауи тәсілдерін кәсіби білім беру саласында кеңінен қолдану қажеттілігі туындап отыр. Олардың ішінде оқыту барысында педагогикалық дизайнның мүмкіндіктері оқыту құралдары ретінде үлкен маңызға ие болып отыр.

Бастауыш сынып білім алушыларына интербелсенді білім беру ортасын әзірлеуде педагогикалық дизайн құралдары бастауыш сынып мұғалімінің барлық дерлік қызметтерін жеңілдетеді. Бұл тұрғыдан әдістемелік-тәжірибелік жасақталуына графикалық материалдар, көрнекіліктер, әртүрлі анимациялар мен бейнекөрсетілімдердің ықпалдығын атап өткен жөн.

Бүгінгі таңда заманауи ақпараттық технологиялар білім беру үдерісіне көбірек енгізіліп жатқанын байқауға болады. Енді «педагогикалық дизайн» ұғымына педагогика саласындағы зерттеушілердің қандай анықтама беретіндігін қарастырайық.

Педагогикалық дизайнға қатысты В.Н. Подковырованың зерттеу жұмысында білім беру тәсілдері жүйесін оқытудың қажеттіліктері мен мақсаттарын талдаудың тұтас үдерісі, сондай-ақ осы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қажет екенін меңзейді [7, 11-б.].

Сабақтарда қолданылатын визуалды-графикалық құралдар болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде түлектерге білім беру үдерісінде белсенді қарым-қатынасқа түсуге, оқуға және автономды болуға зор мүмкіндік береді.

Ал, зерттеуші Роберт Ганье болса педагогикалық дизайн қағидаларын анықтап, педагогикалық дизайнға қатысты оқыту теориясы туралы зерттеулердің авторы және осы зерттеу сұрағының негізін қалаушылардың бірі [8, 365-б.].

Ресей ғылым Академиясының есептеу орталығының жетекші ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының докторы А.Ю. Уваровтың пайымдауынша, педагогикалық дизайн оқу материалдарын әзірлеу, жобалау, бағалау және пайдалану үдерісінде тиімді оқу жұмысы, оқу мен оқыту туралы білімді (қағидаттарды) жүйелі қолдану [9, 24-б.].

М.А. Thohir зерттеу жұмысының негізгі көздеген мақсаты оқу-бейне дизайнының моделін енгізу. Ол түлектерге бейне-дизайнды оқу үдерісіне пайдалану қажет құзыреттілік екенін атап өтті [10, 59-б.].

Seyum Getenet және бірнеше ғалымдар өз зерттеу жұмысында жоғары білім беру жүйесінде озық педагогикалық технологияларды пайдалана отырып, онлайн курстарды, аралас курстарды әзірлеу және өткізу барысында оқытушылар білім алушыларды әртүрлі элементтерге қызықтыра білу керек екендігін көрсетеді. Зерттеушілер тиімділікті арттыру және онлайн оқытуға қатысу үшін білім алушылардың көзқарасы мен цифрлық сауаттылықты ескерудің маңыздылығын ерекше атап көрсетеді [11, 20-б.].

Салыстырмалы түрде ұзақ уақыт бойы оқу үдерісін «компьютерлендіру» кезінде біз тек оқулықтар немесе оқу-әдістемелік жинақтар туралы ғана емес, тиімді оқу ортасын, яғни «оқу ортасын» құру туралы айтуымыз керек екендігі көрсетілген.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы прогресс қазіргі уақытта ашық оқу архитектурасымен оқу процесін құру туралы толығырақ айтуға мүмкіндік береді.

Педагогикалық дизайнды тек бір сарында, біржақты қабылдауға болмайды. Себебі, біріншіден бұл үдеріс болса, екіншіден ол пән ретінде қабылданады, ол үшіншіден ол шынайылық немесе оқыту моделі ретінде қабылдануы тиіс. Оның мүмкіндіктері педагогтер тарапынан толық зерттелмеген және меңгерілмеген, сондықтан оның білім беру әлеуеті толыққанды пайдаланылмай келеді. Осы орайда педагогикалық дизайн болашақ бастауыш

сынып мұғалімдерінің интегративті, жобалық, пәнаралық ойлауын дамытуға бағытталған және оның әлеуметтік-кәсіби ортаға бейімделу мүмкіндіктерін арттыратындығын атап өткен жөн [12, 101-б.].

Педагогикалық дизайнның басты мақсаты ретінде оқытудың өнімділігін қамтамасыз ету және әртүрлі құрамдас бөліктерін, мысалы, оқу-әдістемелік кешендерді (мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдарды қоса алғанда), цифрлық білім беру өнімдерін және оқу бағдарламаларын біріктіру негізінде кешенді педагогикалық ортаны құру қарастырылады.

Бұл тұрғыдан білім беру үдерісіне қатысушылардың психологиялық жайлылығы мен педагогикалық тараптан негізделген дамуы қамтамасыз етіледі.

Ақпараттық технология құралдары педагогикалық дизайнның негізі болып табылады.

Олар бірнеше қызметті атқарады:

1. Оқу материалдарын әзірлеу: Оқытудың мазмұнын және әдістемелік құралдардықұруға көмектеседі.

2. Оқу үдерісін ұйымдастыру: Сабақтар мен оқу іс-шараларын жоспарлауға және басқаруға мүмкіндік береді.

3. Интерактивтілік: Білім алушылардың оқу материалдарымен белсенді қарым-қатынасын қамтамасыз етеді.

4. Көрнекілік: Графикалық материалдар, анимациялар мен бейнеконтент арқылы оқу үдерісін қызықты әрі түсінікті етеді.

5. Бағалау және кері байланыс: Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға және олардың жетістіктері туралы кері байланыс беруге көмектеседі.

6. Жеке оқыту: Әрбір білім алушының қажеттіліктеріне сәйкес жеке оқу траекторияларын жасауға мүмкіндік береді.

Педагогикалық дизайнды қолдану барысында білім алушылардың аналитикалық және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері дамиды. Сондықтан өзгеріске бейім білім беру жүйесінің механизмі ретінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда педагогикалық дизайнды пайдалануға дайындау өзекті міндеттердің бірі. Осыған байланысты, бүгінгі таңдағы жоғары білім беру жүйесінде педагогикалық дизайнды пайдалану осы сұрақты шешудің маңызды сатыларының бірі деп санауға болады. Педагогикалық дизайн болашақ бастауыш сынып мұғалімдері ретінде түлектерді оқытудың әртүрлі ұйымдастырушылық нысандары мен әдістерінің барлық спектрін қамтиды. Педагогикалық дизайн осы сұраққа қатысты ең сәтті әрі тиімді электронды оқу материалдарының авторлары әзірлеген заңдылықтар мен қағидаларға негізделген, яғни, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданатын әртүрлі оқыту құралдарын пайдалануды ұсынады.

Білім беру жүйесіндегі бұл бағыт жаңа, сол себепті теория да, көп жағдайда педагогикалық дизайн тәжірибесі нақты даму барысында үнемі жаңартылып отырғанын байқаймыз.

Болашақ бастауыш мектеп мұғалімі ретінде білім алушыларды кәсіби даярлауда белгілі бір мақсаттарға қолжеткізуді қамтамасыз етеді. 2022 жылғы 27 шілдедегі ҚР ҒЖБМ сәйкес [13] негізінде қарастырылған білім беру бағдарламасы түлегінің кәсіби даярлығына белгілі бір талаптар қойылады. Осы білім беру бағдарламасы түлегінің біліктілік сипаттамасы – бастауыш сынып мұғалімі. Бастауыш сынып мұғалімі біліктілігін игерген түлек: оқытылатын пәннің ерекшелігіні ескеріп, білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыруға, әлеуметтенуге, жеке тұлғаның жалпы еңбек мәдениетін қалыптастыруға, кәсіптік білім беру бағдарламаларын саналы түрде таңдауға және кейіннен игеру үшін жәрдемдесуге, оқытудың әртүрлі тәсілдерін, әдістері мен құралдарын пайдалануға, мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес келетін білім алушылардың даярлық деңгейін қамтамасыз етуге дайын болуы тиіс.

Түлек келесілерді білуі керек:

– мәдениетті ұрпақтан-ұрпаққа беруді қамтамасыз ететін және жеке тұлғаны қалыптастыру мән мәтіні ретінде әрекет ететін әлеуметтік-мәдени тәжірибенің ерекше саласы ретінде білім туралы тұтас түсінікке ие болу;

– психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы негізгі ілімдерді білу, әлеуметтік маңызы бар мәселелер мен үдерістерді ғылыми талдауға қабілетті болу, осы ғылымдардың әдістерін кәсіби-педагогикалық және қоғамдық-әлеуметтік қызметтің әртүрлі түрлерінде қолдана білу;

– адамның адамға, қоғамға, қоршаған ортаға қатынасын реттейтін этикалық және құқықтық нормаларды білу;

– экологиялық және әлеуметтік жобаларды әзірлеу кезінде оларды есепке ала білу;

– педагогикалық менеджменттің негіздерін білу, білім беру мекемелерінде білім беру қызметін ұйымдастыруға дайын болу;

– білімді қолжетімді білім жүйесіне айналдыра білу, ғылыми негізде өз жұмысын ұйымдастыру, өз қызметі саласында қолданылатын ақпаратты жинау, сақтау және өңдеудің компьютерлік әдістерін қолдану;

– кәсіби қызмет барысында негізгі тұлға ретінде әрекет ету;

– бастауышта оқытудың теориялық негіздерін, бейіні бойынша арнайы пәндерді оқыту әдістемесінің негіздерін білу қажет салаларда кәсіби қызметке бағдарлану қабілетін меңгеру;

– өзінің кәсіби-педагогикалық қызметінің түрі мен сипатын білу;

– білім алушылардың кәсіби даярлық деңгейін арттыру бойынша пәнаралық жобалар мен жұмыс істеу, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту арқылы өзінің мәдени қажеттіліктерін арттыру.

Бастауыш сынып мұғалімі біліктілігі бойынша түлектердің кәсіби қызмет көрсету орны ретінде білім беру мекемелері саналады.

Аталмыш білім беру бағдарламасының бітіруші түлегі келесідегідей кәсіби қызметтерді көрсете алады:

– оқушылардың білімге құштарлығын қанағаттандыруда, білім саласындағы жаңа технологиялар, оның ішінде АКТ және т.б. қолданылады;

– бастауыш сынып мұғалімі оқушыларды әлеуметтік құндылықтармен таныстырады, педагогикалық әдеп ережелерін сақтайды, көрнекілік қолдана отырып, сабақты өткізеді. Ол білім алушылардың жеке басына құрметпен қарап, оқушымен арада демократиялық стильді басшылыққа алады. Қазақ ұлтының ұлттық басымдылықтарын оқу-тәрбиелеу үдерісін құруда ескереді, тұлғаның тілдік құзыреттілігі мен көп мәдениеттілігінің негізін қалайды және т.б. қызметті дамытады;

– әдістемелік – өз жұмысында әдістемелік сүйемелдеуді іске асырады;

– зерттеу – өз жұмысының барысы мен нәтижесіне зерттеу жүргізу арқылы көрнекілік көрсете алады;

– әлеуметтік-коммуникативтік – басшылық және т.б. мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл барысында қарым-қатынас психологиясын басшылыққа алады. Басқа дәріптестерімен бірге инновациялық идеяларға бастама жасайды.

Педагогикалық дизайн білім беру үдерісінің негізгі құрылымы ретінде оқытудың маңызды бөлігін қамсыздандырады. Осы мақсатта аталмыш түлектерді кәсіби тұрғыда педагогикалық дизайнды пайдалануға әзірлеу қажеттігі туындап отыр. Бұл бастауыш мектеп пәндерін оқыту технологиясын әзірлеу және оқыту үдерісіне электронды оқуматериалдарын енгізудің тиімді жолдарын даярлау қажеттілігін тудырды.

Талдау мен нәтижелер

Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында педагогикалық, психологиялық және әдістемелік әдебиеттерге теориялық талдау жасау негізінде зерттеу әдістерін қолдана отырып, болашақ

бастауыш мектеп мұғалімін педагогикалық дизайнды пайдалануға даярлаудың педагогикалық жүйесін ұсынамыз.

Бұл педагогикалық жүйе келесі сипатта қарастырылады:

Мақсаттық компонент: түлекті педагогикалық дизайнды тиімді пайдалануға даярлау;

Мазмұндық компонент: оқу бағдарламаларын, әдістемелік құралдарды, электронды оқу материалдары мен инновациялық оқыту технологияларын әзірлеу және енгізу;

Процестік компонент: оқыту әдіс-тәсілдерін жетілдіру, оқыту үдерісінде интерактивті және АКТ қолдану;

Диагностикалық компонент: түлектердің кәсіби даярлығын, олардың білім деңгейін және педагогикалық дизайнды пайдалану дағдыларын бағалау;

Нәтижелік компонент: білім алушылардың кәсіби құзыреттілігі мен педагогикалық шеберлігінің қалыптасуы, білім беру сапасының артуы.

Мұндағы басты мақсат: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін педагогикалық дизайнның әдіс-тәсілдерін пайдалануға даярлау.

Педагогикалық дизайнды пайдалануға қатысты әзірленген педагогикалық жүйенің міндеттері: теориялық негіздерді меңгеру, практикалық дағдыларды қалыптастыру, инновациялық технологияларды қолдану, кәсіби құзыреттіліктерді арттыру, жеке тұлғаны дамыту, бағалау, білім беру ресурстарын біріктіру, үздіксіз кәсіби дамыту.

Тұжырымдамалық негізі:

– білім алушыларды педагогикалық дизайнды пайдалануға даярлауда кәсіби тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға бағыттауы;

– педагогикалық дизайнның қағидаларын, қолдану жолдарын, түрлерін меңгеруі;

– педагогикалық дизайнды практикада қолдану тиімділігі педагогикалық шарттарды білуі.

Ұсынылып отырған педагогикалық жүйесінің мазмұнын «Білім беру жүйесіндегі педагогикалық дизайн негіздері» арнайы курс, «Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі»; «Тіл және әдебиет» білім беру саласының теориясы мен практикасы»; «Бастауыш мектепте «Жаратылыстану» білім беру саласын оқыту әдістемесі», «Бастауыш мектепте «Адам және қоғам» білім беру саласын оқыту әдістемесі», «Бастауыш мектепте көркем еңбекті оқыту әдістемесі», «Бастауыш мектепте оқу серіктестігін ұйымдастыру әдістемесі»; «Бастауыш мектепте «Музыка» пәнін оқыту әдістемесі», «Бастауыш мектептегі вокалдық-хор жұмыстарының әдістемесі», «Бастауыш мектепте «Дене шынықтыру» білім беру саласын оқыту әдістемесі», «Бастауыш сынып оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру әдістемесі», «Бастауыш мектепте «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнін оқыту әдістемесі», «Бастауыш мектепте сандық білім беру ресурстарын қолдану әдістемесі» пәндеріне енгізілген тақырыптары, және «Білім беру жүйесіндегі педагогикалық дизайн негіздері» семинар бағдарламалары құрайды.

Аталмыш педагогикалық жүйені жоғары және педагогикалық мамандық колледждерінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау процесінде пайдалануға болады. Педагогикалық жүйенің мазмұнында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бойында педагогикалық дизайнды пайдалану мәселесі бойынша білім, іскерлік және дағдыларын қалыптастыру көзделген. Қарастырылып отырған педагогикалық жүйе үш компоненттен тұрады: мақсаттық, мазмұндық және технологиялық.

Мақсаттық компоненттің маңызын ашу үшін зерттеудің мақсаттарын жетекшілікке алдық:

1. Теориялық негіздеу: Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін педагогикалық дизайнды пайдалануға даярлау мазмұнын теориялық тұрғыдан негіздеу.

2. Құрылымдық модельді әзірлеу: Жоғары білім беру жүйесінде педагогикалық дизайнды пайдалану құрылымдық моделінің тиімділігін әзірлеу.

3. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс: Құрылымдық моделінің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы анықтау.

Мазмұндық-құрылымдық компоненттің аясында «Білім беру жүйесіндегі педагогикалық дизайн негіздері» арнайы курсына білім беру бағдарламасына енгізіп оқыту болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін қалыптастырады және келесі құралдармен қамтамасыз етіледі:

– Оқу бағдарламасы: «Білім беру жүйесіндегі педагогикалық дизайн негіздері» арнайы курсына әдістемелік нұсқау – педагогикалық дизайнның теориясы мен практикасына қатысты оқу мазмұнын қамтиды;

– «Білім беру жүйесіндегі педагогикалық дизайн негіздері» электронды оқулығы, мұнда мультимедиялық контент, бейнедәрістер, интерактивті презентациялар мен онлайн ресурстар;

– «Білім беру жүйесіндегі педагогикалық дизайн негіздері» мультимедиялық презентация;

– «Педагогикалық дизайн негіздері» оқу-әдістемелік құралы.

Технологиялық компонент білім беру бағдарламасы аясында келесі элементтерді қамтиды:

1. Педагогикалық іс-тәжірибелер: Білім алушылардың теориялық білімдерін іс-тәжірибеде қолдануын қамтамасыз ететін мектептерде және басқа білім беру мекемелерінде өткізілетін педагогикалық тәжірибелер;

2. Оқу іс-тәжірибелері: Білім алушылардың нақты оқу жағдайларында тәжірибе жинақтауы үшін ұйымдастырылатын практикалық сабақтар мен іс-тәжірибелер;

3. Курстық жұмыстар: Педагогикалық дизайнға қатысты тақырыптар бойынша білім алушылардың ғылыми-зерттеу және талдау жұмыстарын орындауы;

4. Диплом жұмыстары: Білім алушылардың педагогикалық дизайнды пайдалануға байланысты кешенді зерттеу жобаларын әзірлеп, қорғауы.

Педагогикалық жүйенің бұл құрамдауыш бөліктері білім алушылардың теориялық білімді іс жүзінде қолдануына және кәсіби дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Педагогикалық жүйенің мазмұнында бастауыш сынып мұғалімі біліктілігі бойынша білім алушыларын даярлаудағы міндетті білім беру пәндері циклінде «Ақпараттық-коммуникативтік» модулі бойынша «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні, «Қашықтықтан оқыту технологиялары» модулі бойынша «Қашықтықтан оқыту платформалары мен қызметтері», «Мектеп жүйесінде қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру» пәндері жетекші орынға ие. Осы аталған білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкес «Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқу пәндерін оқыту әдістемесі» модулінің пәндеріне педагогикалық дизайнды қолдану арқылы жетілдіруді көздедік. Сонымен қатар таңдау компоненті ретінде базалық пәндер циклы бойынша «Білім беру жүйесіндегі педагогикалық дизайн негіздері» арнайы курсына жасап, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлығын жетілдіруге қол жеткіздік.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне «Білім беру жүйесіндегі педагогикалық дизайн негіздері» пәнін оқытудың мақсаты – ақпараттық-технологиялар коммуникация көмегімен бастауыш сыныпта оқыту барысында педагогикалық дизайнның принциптерін негізге алып, сабақта қолдану әдістемесін меңгеру және болашақ кәсіптік қызметінде тиімді пайдалану.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде білім алушылардың педагогикалық дизайн бойынша білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру үдерісі жаңа деңгейге көтеріледі, АКТ мүмкіндіктерін толық пайдалануға ықпал етеді және білім берудің жаңа

техникасы мен технологиясын пайдалана алатын болады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне педагогикалық дизайн туралы өз бетінше білім алуға мүмкіндік беруі қажет.

Бұл оларға бастауыш мектепте педагогикалық үдерісті ұйымдастыру әдістемесін, оқыту құралдарын және жабдықтарын толық зерделеуге, инновациялық білім беру процесін жүргізу бойынша бақылау жұмыстарын жүргізуге, сондай-ақ теориялық білімді іс-тәжірибеде пайдалануға үйретеді.

Демек болашақ бастауыш сынып мұғалімдері АКТ бойынша Роберт Ганьенің қағидаларын негізге алып:

- заманауи АКТ білім беру жүйесіндегі рөлін түсінуі;
- білім алушылармен оқыту мақсатын айту;
- жаңа материалды ұсыну (білімді өзектендіру және жаңасын игеру, білім алушының назарында ұстайтын және оған баса назар аударатын элементтерді әзірлеу немесе іріктеу қолжетімді түрде жеткізуге мүмкіндік беруі курстың негізгі ойы);
- оқу процесіне басшылықты қамсыздандыру (процесті сүйемелдеу);
- практика, нәтижелерді анықтау (білім алушылардың білімі мен іскерлігін көрсету);
- кері байланысты қамсыздандыру (рефлексия, білім алушылардың жұмысы туралы пікірлер);
- мазмұнды басқа контексттерге беру (білімнің қызметтілігі);
- оқу нәтижелерін бағалауды пайдалана білуі тиіс.

Сондықтан білім алушыларға «Білім беру жүйесіндегі педагогикалық дизайн негіздері» пәнін оқыту барысында келесі міндеттердің шешімін табу көзделеді:

- қазіргі білім беру үдерісінде педагогикалық дизайн туралы түсініктерін қалыптастырады;
- кез-келген бастауыш сыныптың пәндерін оқыту барысында педагогикалық дизайнның принциптері мен технологиялық мүмкіндіктерін меңгереді;
- мультимедиялық өнімдерді сабақ беруде қолданады;
- педагогикалық дизайн бойынша ақпаратпен жұмыс істеудің жалпы мәдениеттілік дағдыларын қалыптастырады;
- оқыту мазмұнын анықтау үшін түрлі әдіс-тәсілдерді таңдайды;
- қолданыстағы және келешегі бар АКТ сипаттамасына талдау жасайды;

Білім алушыларға «Білім беру жүйесіндегі педагогикалық дизайн негіздері» пәнін оқытудың маңыздылығын ескере отырып, біз «Білім беру жүйесіндегі педагогикалық дизайн негіздері» атты электронды оқулығын дайындадық. Бұл оқулық болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне дәрісті оқу барысында тақырыптарды талдау және аудиториядан тыс уақытта білім алушылардың өзіндік білімін жетілдіру мақсатын көздей отырып, оқытушымен студенттің өзара іс-әрекетін қамтамасыз етеді.

Бұл электронды оқулықта педагогикалық дизайн технологиялары, оқытудың түрі мен мазмұны, оқу процесін ұйымдастыру нысаны, білім беру ресурстары, оқу материалдарын әзірлеу, коммуникация құру ерекшеліктері, педагогикалық дизайнда жобалау технологиясы, ақпаратты құрылымдау, талдау, жобалау, әзірлеу, қолдану, бағалау қарастырылған. Өрбір тақырыптан кейін бақылау сұрақтары ұсынылған.

Қорытынды

Бастауыш сынып мұғалімі біліктілігіне даярланатын білім алушылардың бойында білім, іскерлік, дағдыларын қалыптастыру үшін ұсынылған педагогикалық жүйені тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мазмұнынан алдық.

Педагогикалық дизайнның ерекшеліктерін, қағидалары мен құралдарын, сондай-ақ олардың оқытуды жекешелендіруге дайындықты қалыптастыру үдерісіне енгізу болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қызметінде осы уақытқа дейін кездейсоқ іске

асырылып келеді. Бұл толық зерттелмеген мәселе болғандықтан, білім алушыларды даярлауда оны пайдалануды теориялық тұрғыдан негіздеу, жүйелеу және біріктіру ЖОО алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі.

Зерттеу жұмысымыздың келесі мақсаты – болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретіндегі білім алушыны педагогикалық дизайнды пайдалануға даярлаудың педагогикалық жүйесін құрылымдау. Бұл тұжырым осы негізде жүзеге асырылмақ. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімінің дамуында ЖОО алатын орны ерекше. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өзін-өзі көрсету, шығармашылық қабілеттерін дамыту, өз ойын ашық жеткізе білу, жан-жақты дамуы мен қалыптасуы «Білім беру жүйесіндегі педагогикалық дизайн негіздері» арнайы курсына оқыту барысында іске асырылу жоспарлануда. Оқу үдерісінде білім алушыларды педагогикалық дизайнды пайдалануға даярлай отырып, жаңа форматтағы бастауыш сынып мұғалімінің қалыптасуын қамтамасыз етуіміз керек.

Сондықтан білім алушылардың кәсіби даярлығы мен жеке тұлға ретінде қалыптасуы, кәсіби дамуына жағдай жасау арқылы, олардың ЖОО бәсекеге қабілетті маман болып шығуының маңызы зор екенін көрсетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Білім туралы». Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы. [Электронды ресурс]. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_. (қаралған күні 12.05.2024)
2. Андреев А.А. Дидактические основы дистанционного обучения. – М.: РАО, 1999. – 120 с.
3. Гершунский Б.С. Компьютеризация в сфере образования. – М.: Педагогика, 1987. – 264 с.
4. Балапанов Е.Қ., Дәулетқұлов А.Б., Бөрібаев Б. Жаңа информациялық технологиялар: информатикадан 30 сабақ: оқулық. – Алматы: ЖТИ, 2005. – 409 б.
5. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю., Моисеева М.В., Петров А.Е. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: учеб. пос. / под ред. Е.С. Полат. – М.: Издательский центр «Академия», 2010. – 364 с.
6. Абильдина С.К., Медиева С.Х., Шаяхметова М.Н., Рахметуллина М.А. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін педагогикалық дизайнды қолдануға даярлаудың мәні мен мазмұны // Қарағанды университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы. – 2023. – №2 (110). – Б. 97–103.
7. Подковырова В.Н. Основы педагогического дизайна. [Электронный ресурс]. URL: <http://files.school-collection.edu.ru/dlrstore/cd9ae8e0-6880-4ee5-9ebf-f46b7629d00b/podkovirova-dezign.pdf> (дата обращения 26.10.2023)
8. Gagné R.M., Briggs L.J., Wager W.W. Principles of Instructional Design. – N.Y.: Harcourt Brace Jovanovich College, Wadsworth Publishing, 1992. – 365 p.
9. Уваров А.Ю. Педагогический дизайн // Информатика. – 2023. – №3. – С. 1–32.
10. Thohir M.A., Ahdhianto E., Mas'ula S., Putra Y.D., Yanti F.A. Primary School Teachers' Motivation and Creativity in Creating Instructional Video: A Case Study // 8th International Conference on Education and Technology (ICET). Conference Paper. – 2022. – P. 59–64.
11. Getenet S., Cantle R., Redmond P., Albion P. Students' digital technology attitude, literacy and self-efficacy and their effect on online learning engagement // International Journal of Educational Technology in Higher Education. – 2024. – Т. 21. – №1. – С. 3–20.
12. Абильдина С.К., Медиева С.Х., Асилбаева Р.Б., Аналбекова Қ.Т. Болашақ педагогтардың педагогикалық дизайнды қолдануындағы шығармашылықтың рөлі // Абай атындағы ҚазҰПУ-н Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. – 2023. – №1 (77). – Б. 71–85.
13. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы. [Электронды ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916> (қаралған күні 25.03.2024)

REFERENCES

1. «Bilim turaly». Qazaqstan Respublikasynyn 2007 jylgy 27 shildedegi №319 Zany [“On education”. Law of the Republic of Kazakhstan dated July 27, 2007 No. 319]. [Electronic resource]. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_. (date of access 12.05.2024) [in Kazakh]
2. Andreev A.A. Didakticheskie osnovy distancionnogo obucheniya [Didactic foundations of distance learning]. – M.: RAO, 1999. – 120 s. [in Russian]
3. Gershunskiy B.S. Kompiuterizatsiya v sfere obrazovaniya [Computerization in the field of education]. – M.: Pedagogika, 1987. – 264 s. [in Russian]
4. Balapanov E.Q., Dauletqulov A.B., Boribaev B. Jana informatsionalyq tehnologiyalar: informatikadan 30 sabaq: oqulyq [New information technologies: 30 Lessons in computer science: textbook]. – Almaty: JTI, 2005. – 409 b. [in Kazakh]
5. Polat E.S., Buharkina M.Iu., Moiseeva M.V., Petrov A.E. Novye pedagogicheskie i informatsionnye tehnologii v sisteme obrazovaniya: ucheb. pos. [New pedagogical and information technologies in the education system: textbook] / pod red. E.S. Polat. – M.: Izdatelskiy centr «Akademiya», 2010. – 364 s. [in Russian]
6. Abildina S.K., Medieva S.H., Shaiahmetova M.N., Rahmetullina M.A. Bolashaq bastauysh synyp mugalimderin pedagogikalıq dizaindy qoldanuga daiarlaudyn mani men mazmuny [The essence and content of preparing future primary school teachers for the use of pedagogical design] // Qaragandy universitetinin habarshysy. Pedagogika seriasy. – 2023. – №2 (110). – B. 97–103. [in Kazakh]
7. Podkovyrova V.N. Osnovy pedagogicheskogo dizaina [Fundamentals of pedagogical design]. [Electronic resource]. URL: <http://files.school-collection.edu.ru/dlrstore/cd9ae8e0-6880-4ee5-9e6f-f46b7629d00b/podkovirova-dezign.pdf> (date of access 26.10.2023) [in Russian]
8. Gagné R.M., Briggs L.J., Wager W.W. Principles of Instructional Design. – N.Y.: Harcourt Brace Jovanovich College, Wadsworth Publishing, 1992. – 365 r.
9. Uvarov A.Iu. Pedagogicheskiy dizain [Pedagogical design] // Informatika. – 2023. – №3. – S. 1–32. [in Russian]
10. Thohir M.A., Ahdhianto E., Mas'ula S., Putra Y.D., Yanti F.A. Primary School Teachers' Motivation and Creativity in Creating Instructional Video: A Case Study // 8th International Conference on Education and Technology (ICET). Conference Paper. – 2022. – P. 59–64.
11. Getenet S., Cante R., Redmond P., Albion P. Students' digital technology attitude, literacy and self-efficacy and their effect on online learning engagement // International Journal of Educational Technology in Higher Education. – 2024. – T. 21. – №1. – S. 3–20.
12. Abildina S.K., Medieva S.H., Asilbaeva R.B., Analbekova Q.T. Bolashaq pedagogtardyn pedagogikalıq dizaindy qoldanuındagy shygarmashylyqtyn roli [The role of creativity in the use of pedagogical design by future teachers] // Abai atyndagy QazUPU-n Habarshysy. Pedagogika gilymdary seriasy. – 2023. – №1 (77). – B. 71–85. [in Kazakh]
13. Jogary jane jogary oqu ornynan keiingi bilim berudin memlekettik jalpyga mindetti standarttaryn bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy Gylım jane jogary bilim ministrinin 2022 jylgy 20 shildedegi №2 buirygy [Order of the minister of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan dated July 20, 2022 No. 2 on approval of State mandatory standards of higher and postgraduate education]. [Electronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916> (date of access 25.03.2024) [in Kazakh]